


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Мемлекеттік тіл кафедрасы



«Қазақ жазуының латын
графикасына көшуі – заман талабы»
атты халықаралық ғылыми-
әдістемелік симпозиум
МАТЕРИАЛДАРЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Мемлекеттік тіл кафедрасы

**«Қазақ жазуының латын графикасына
көшуі – заман талабы»
атты халықаралық ғылыми-әдістемелік
симпозиум**

МАТЕРИАЛДАРЫ

7 маусым, 2013 жыл

Алматы қаласы

Молжігіт С.	
Қазақ сөзін 26 әріппен жазуға бола ма?.....	73
Молжігіт С., Рысбай Б.	
Латын графикасы туралы ойлар	77
Наралиева Р.Т.	
Қаратпа сөздердің көркем стильдегі қолдану аясы мен прагмастилистикалық Қызметі	81
Шыныбекова А. К.	
Латын графикасы және терминология мәселелері	86
Ыбырасва Ү., Әділбекова Т.	
Түркі тілдеріндегі түпкі түбірлер туралы.....	89

II СЕКЦИЯ

Ақымбекова Г.Ш.	
Шетелдік студенттерге қазақ тілінде іс қағаздарын оқыту	95
Абишева Р.Р.	
Қазақ елін тіліміз арқылы танытайық!	99
Әмірова М.Ж.	
Кәсіби тілді меңгерудің тиімділігі	100
Байтыбаева А.Қ.	
Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесі.....	103
Балманова А.Б.	
Эффективные приемы обучения поисково-просмотровому чтению на английском языке студентов неязыковых вузов	105
Бимұханбетова Б.Е.	
Бастауыш білім беру мазмұнының сапасын арттыру	109
Исаханова А.А., Қожаханова Ж.С.	
Оқытуда халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып элементтерін қолданудың тиімділігі	113
Ергалиева А.Е.	
Внеклассная работа, как средство развития познавательного интереса учащихся.....	118
Жұмаханов Б.Ж.	
Электрондық оқулықтарды пайдаланудың тиімділігі.....	121
Жұмағұлова А.Ж.	
«Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді қолдану жолдары	124
Ильина Г.А.	
Болашақ маман иелерін кәсіби бағытта оқыту	128
Иманалиева Ғ. К.	
Экспрессивтік құрылымдардың толымсыз сөйлемдер арқылы берілуі.....	130
Исагулова Д.Д., Шаяхмет Ж.Ж.	
.....	132
Исагулов М.С.	
12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында бейнелеу өнері пәнінен оқытушылардың қолдануы.....	137
Обучение студентов речевому взаимодействию на уроке иностранного языка	139

АҚЫМБЕКОВА ГУЛЬЗИРА ШАРДАРБЕКҚЫЗЫ
Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ»
халықаралық стипендиясының тағылымгері, ф.ғ.к.
Хангук шет тілдер университеті, Оңтүстік Корея, Сеул

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ОҚЫТУ

Мемлекеттік тіл – белгілі бір мемлекет аясында саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда біріктіруші функция атқаратын, сол мемлекеттің мемлекеттік рәмізі қызметін атқаратын тіл.

Атақты түрколог В.Радлов «Қазақтардың тілі әуезді де әссм, шебер де шешен, әсіресе сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады» – деп тіліміздің көркемділігі мен кереметтілігіне сүйсінген екен.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек» деген болатын. Осы айтылған сөзді негізге ала отырып, қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқытудың көптеген жаңа бағыттары қолға алынып келеді. Әсіресе жыл сайын әрбір оқу орны мемлекеттік тілді оқытуға арналған тәжірибелік оқу-құралдарын шығарып, іс жүзінде іске асырып жатыр. Әрбір әдіскер өзінше тілді оқытудың жаңа жолдарын көрсетіп, тәжірибелерімен ой бөлісуде.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді үйренушілердің сапы да күннен-күнге артып келеді, әрі тілді үйренуге еліміз жағдай жасап, қолдау көрсетіп жатыр. Тілді үйрету жұмыстары тек қана мемлекет тарапынан ғана көрініс таппай, әрбір оқу орны, әрбір мемлекеттік, жеке меншік мекемелер өз жағдайына қарай жұмыстар атқаруда. Яғни мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту үшін жеке тұлға да, заңды тұлға да бір кісідей атсалысу үстінде деп айтсақ қаласпаймыз.

2011 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті халыққа Жолдауында мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың саны 2017 жылы 80%, 2020 жылы 95% құрау керек деген міндет қойды. 29 маусымда ҚР. Президентінің №110 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Осы бағдарлама бойынша ҚР. Мәдениет министрлігі бірнеше шараларды іске асыруға кірісті. Солардың бірі үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шет тілі және екінші тіл ретінде» оқытуға арналған стандарт технология, оқу-әдістемелік кешен және әртүрлі тапсырмаларды атауға болады. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тілдің қолдану аясын ғана кеңейтіп қоймай, елді, жерді, қазақ ұлтының бітім-болмысын көрсетіп, мәдени, саяси, экономикалық қатынастардың жақсаруына да септігі тиеді.

Қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытып жатқандардың бірі - өзге шалғай елдер. Әрине бұл қуантарлық жағдай. Шетел азаматтарының қазақ тілінде сөйлегені тілге деген құрметті ғана білдіріп қоймай, тілге деген қажеттіліктің туындағанын да білдіреді деп түсінген дұрыс шығар. Қазақстанға шет елдерден қазақ тілін үйренуге келетін студенттердің (тыңдаушылардың) кейбіреуі тілді А1 деңгейінде меңгеріп келсе, енді біреулері тінгі басынан бастау үшін келеді. Өз елінде тілді оқып, Қазақстанға тілді үйренуін жалғастыруға келген шетелдік студенттер әртүрлі жағдайларға байланысты құжаттар толтырады.

Жалпы іс қағаздары қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады. Адам өмірі құжаттармен тығыз байланысты. Адам дүниеге келгенде оған алғашқы құжат – туу туралы куәлік жазылады. 16 жасқа келгенде жеке басын растайтын құжат – жеке куәлік алады. Мектеп бітіргендігі – орта білім туралы аттестатпен расталады. Жоғарғы оқу орнына түсу үшін

түрлі үлгідегі іс қағаздарын жазады. Ал еңбек жолын бастағандығы еңбек кітапшасына жазылады. Өмірдің түрлі жағдайында сенімхат, колхат жазуға, жеделхат, телефонхат жіберуге тура келеді. Бұлар Қазақстан Республикасының ішкі жағдайларын реттеп отыратын құжаттар деп атауға болады.

Іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық та маңызы өте зор. Мемлекет, республика, қала, кәсіпорын, ұйым, мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттың табылмас қайнар көзі бола алады. Құжаттар фақтілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады.

Қазақ тілін меңгеруі В1-В2 деңгейлерін көрсететін шетелдік студенттерге қазақ тілінде іс қағаздарын жазуды үйрету екі есе жұмысты талап етеді. Себебі ой-танымы басқа тілде қалыптасқан шетелдік студент тілді үйреніп қана қоймай, құжаттың жазылу мақсатын да білуі қажет. Оның үстіне іс қағаздарын жазу әртүрлі жағдайларға іске асырылып отырады. Қазақстан азаматтарына мемлекеттік тілде құжат толтыру қаншалықты қиынға соғатын болса, тура сол секілді шетел дәрісханасындағы студенттерге оны түсіндіру соншалықты қиын. Шетел студенттеріне мемлекетіміздегі барлық құжаттарды оқыту керек емес. Тек Қазақстан Республикасына келген кезде толтыратын құжаттарды ғана үйрету керек. Мысалы, *өтініш, сауалнама, тәлқұжатқа көші-қон карточкасы, өмірбаян, анықтама, визит карточкасы, хабарландыру, түйіндеме, мінездеме.*

Қазіргі уақытта қазақстандық орыс тобындағы студенттерге іс қағаздарын мемлекеттік тілде үйретуде жақсы нәтижеге қол жеткізіп жатырмыз деп айта алмаймыз. Себебі трафареттік үлгідегі құжаттардың көпшілігінде деректер екі тілде жазылады. Ондай жағдайда студент өзінің білім алып жатқан және ойлайтын тілін, ойып жеткізетін тілді таңдайды. Соның нәтижесінде құжатты толтыру тілі ретінде орыс тілін таңдайды. Ал енді өз елінде қазақ тілін оқып келген шетелдік студент құжатты білетін тілімен толтыруға тырысады. Себебі ол басқа тілді білмейді және жартылай дайын күйіндегі құжаттардан тек өзіне таныс сөздерді іздейді. Нәтижесінде құжат қазақ тілінде жазылады, себебі оның қазақ тілінен ғана хабары бар. Сондықтан Қазақстанға келетін шетелдік студенттерге өз елінде қазақ тілінде іс қағаздарын толтыруда кездесетін тілдік ерекшеліктермен таныстырған жөн. Өйткені іс қағаздарының негізгі тілдік ерекшеліктеріне нақтылық, қысқа, логикалық, түсініктілік сияқты талаптар іс қағаздарындағы лексикалық қор мен грамматикалық формаларды іріктеуді де анықтайды.

Іс қағаздар стилінің негізі, басқа стилдер сияқты жалпы қолданыстағы лексиканы құрайды. Бірақ та іс қағаздарының мазмұнының ерекшелігі лексикалық қорға тікелей әсер етеді. Іс қағаздар тіліне стилистикалық мүмкіндігі шектеулі, әрі қолдану аясы тар сөздер мен сөз тіркестерін қатарын қолдану негізделген. Әйтседе әдеби тілдің нормаларына сүйене отырып, іс қағаздарының да өзіндік тілдік ерекшеліктерін байқауымызға болады. Мысалы, біріншіден, әр түрлі құжаттардың атауы: *акт, аттестат, өмірбаян, диплом, сенімхат, өтініш, хаттама, түйіндеме, туу туралы куәлік* және т.б., екіншіден, кейбір құжаттарды жазу барысында белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінсіз жазуға болмайтыны, мысалы, *күн тәртібінде, жауапты тұлға, сенің тапсырамын, қолды куәландырамын, қатысушылар тізімі* және т.б. осы ресми лексика іскери қарым-қатынас саласында алмастыруға келмейтін лексика болып саналады.

Шетелдік студент іс қағаздарын толтыруда тілді меңгеру барысында үйренген лексика-грамматикалық минимумдарды іске асыруы қажет. Әсіресе іс қағаздарын жазып үйрену ол мүлдем қазақ тілінен тыс жатқан сала деп түсінбеу керек. Себебі іс қағаздар тілі бір қарағанда стандартты, қалыптасқан клише түріндегі тіл сияқты болғанмен, шын мәнінде қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сәйкес сұрыпталған, жіктелген лексикалық-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. Дәлірек айтқанда, ресми тілдің кеңсе іс қағаздары сияқты түрлері де, заң құжаттары да, арнаулы бланкіге толтырылатындары да қазақ тілінің тілдік жүйесін, лексикалық-грамматикалық, орфографиялық нормаларын

грамматикалық минимумдардың түсіндірілуі міндетті. Әрі шетелдік студенттің тілді меңгеру деңгейімен де санасу қажет. Әрине іс қағаздарын оқу барысында шетелдік студент қазақ тілі грамматикасы бойынша, лексика және стилистикадан қосымша мәлімет алатынын да ескеруіміз керек.

Функционалдық стилдің бір түрі ресми іс қағаздар стилін шетелдік студенттерге түсіндіру барысында ресми іс қағаздар стилі деп жағдайды күрделендірмей, тек іс қағаздарын жазып үйрену деп түсіндірген абзал. Себебі олар әрбір сөйлемнің мағынасын қорытып, жағдайды қиындатқанша, өздерінің лексикалық қорында бар сөздермен түсінгені және түсіндірген тиімді. Құжаттарды оғу барысында көптеген сөздердің мағынасы жағдайға байланысты ашылады.

Шетелдік студент іс қағаздарының түрлі стилдік формасымен ғана танысып қоймай, сол іс қағазының қызметінен де хабардар болуы қажет. Өмірбаянды оқытуда екі түрлі нәтижеге қол жеткізе аламыз. Біріншіден, шетелдік студент кез-келген жерде өзін таныстыра алады. Екіншіден, ол өмірбаянның жазылу үлгісін және құжатта жазылатын деректерді сараптай отырып, мысалы, *сауалнама*, *кеден декларациясы* сияқты басқа да құжаттарды толтырғанда өзі туралы мәліметтерді қазақ тілінде дұрыс жаза алатын болады.

Өмірбаян құжатын өткенде, құжатты бастамастан бұрын қазақ ақын-жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің, белгілі тұлғалардың өмірі мен шығармашылықтары туралы түсірілген бейнематериалдарды пайдалануға болады. Студенттің өзі бейнематериалды көргеннен кейін қандай тақырып екенін анықтай алады. Бейнематериалды көрсетіп болғаннан кейін, мазмұны бойынша бірнеше сұрақтар беріледі. Студенттен қойылған сұрақтар бойынша нақты жауаптар алуға болады. Яғни осы берілген жауаптар жиынтығы арқылы сабақтың тақырыбы мен мазмұнының ашылғанын айқындалады. Әрі олар үшін әрбір есте қалған жауаптың орнына өздері туралы деректерді қою қиынға түспейді. Негізінен берілетін бейнематериалдар аутентикалық болғаны маңызды. Себебі тілді үйреніп жүрген шетелдік студентке көп сөйлеу қажет, ал іс қағаздарын үйретуде көбінесе құжаттың дұрыс, қатесіз жазылуы ескеріледі. Осы екі қағиданы да естен шығармау керек.

Шетелдік студенттің үйреніп жүрген тілімен сөйлейтін мемлекетте болмай, тілдік коммуникативтік құзіреттілікті меңгеруі өте қиын. Ал оқытушының міндеті әртүрлі жұмыс түрлерін қолдана отырып, тілді үйретуде сөйлету үшін шынайы, тіпті болмаса ойдан құрастырылған жағдаяттық тапсырмаларды беруі қажет. Әрине тілді үйренуші үшін сол тілмен сөйлейтін адамдармен сөйлесу, әрі сол елде жүріп сол елдің мәдени құндылықтарымен танысу өте маңызды болып саналады. Осы мақсатта аутентикалық материалдар, әсіресе бейнематериалдар маңызды рөл атқарады. Оларды қолдану коммуникативтік әдістің маңызды талабын сақтап қана қоймай, тілді меңгеру кезінде басқа тілдің мәдениетін ұғыну, сөйлеу қызметін дамыту және оны негіздеу сияқты үдерістер де жүзеге асырылады.

Бейнематериалдардың тағы бір ұтымды жері – оның адамға эмоционалды әсер етуі. Сол себепті студенттің назарын бейнематериалға жеке тұлға ретінде аударту керек. Бейнематериалдарды қолданудың басқа да тиімді жақтары бар екені белгілі, әсіресе есте сақтау мен зейін сияқты психикалық қызметінің әртүрлі жағынан дамуы. Бейнематериалды көру барысында дәрісханада бірлескен танымдық қызмет туындайды. Тіпті осы кезде ұқыпсыз студенттің өзі ұқыпты бола бастайды. Себебі бейнематериалды тек көру емес, мазмұнын да түсіну қажет, ол үшін едәуір күш жұмсау керек. Осы кезде ықтиярсыз зейін үйреншікті зейінге айналады да, қарқындылық есте сақтау үдерісіне әсерін тигізеді. Бейнематериалдардың әсерінен болған психологиялық ерекшеліктер студентке оқу үдерісін интенсификациялауға көмектеседі және студенттің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға арналған қолайлы жағдай туғызады.

Тәжірибе көрсеткендей, бейнематериалдарды іс қағаздарын тек өмірбаян ғана емес, хабарландыру, анықтама сияқты құжаттарды оқытуда қолдану өте нәтижелі көрсеткіш

береді. Іс қағаздар лексикасының негізгі бөлігін ұйым мен мекеме атаулары алады, әрі жалқы есімдерді үлкен әріпшен жазу бекітілген ереже. Ал енді кейбір шет елдерде жазуда бас әріп, кіші әріп деген тәртіп жоқ. Сондықтан шетелдік студентке іс қағаздарын үйретуде осы жағдайды, әрі атауларды қысқартып жазу, жалпы қабылдаудағы қысқартулардан (ҚР, Алматы к., т.б.) басқасын іс қағаздарында жазуға жол беруге болмайтынын нақты мысалдар арқылы көрсеткен жөн. Мысалы, шетелдік студент төлқұжатын Ішкі істер департаменті, Көші-қон полиция басқарамасына тіркеу үшін оқу орнының виза бөліміне тапсырғанда, төлқұжат орнына және әртүрлі медициналық сраптамалардың нәтижесін көрсету (қан үлгілерін ИФТ әдісімен АИТВ жұқпасына зерттеуге арналған жолдама) кезінде де анықтамға құжаты беріледі. Осы құжат арқылы жалқы есімдердің жазылу тәртібін түсіндіруге болады.

Іс қағаздар тілінде етістіктен болған зат есімдер көп кездеседі. Бұл кейбір құжат атауларына тән құбылыс. Құжат атауларын тек зат есім ретінде оқып үйренген шетелдік студент үшін бұл кездейсоқ жағдай болуы мүмкін. Мысалы, хабарландыру құжаты шетелдік студентінің білуі шарт, себебі оқу орнындағы соңғы жаңалықтың бәрі жазбаша жазылып ілінеді. Студент құжат атауын көргеннен жай жазыла салған мәлімет емес екенін сезетін болады. *Хабарландыру* секілді етістіктен болған зат есімдер, іс әрекеттік мәнді сактай отыра, тілге қысқа, ықшамды, ресми түр беретінін түсіндіру керек.

Іс қағаздарында басқа стилдерге карағанда есімдік *сіз* сыпайы формада, басқа тұлғаға ресми түрде қарым-қатынас жасағанда (өтініште, қызметтік хаттарда) көп қолданылады. Шетелдік студенттердің ең көп жазатын құжаттарының бірі де осы - өтініш құжаты. Әсіресе, құжат туралы айтқанда бірінші оның анықтамасын теория жүзінде айтпай, мысалы, өтініш құжаты *шығу-кіру визасын ашуда, жатақханадан орын сұрағанда, денсаулығына байланысты академиялық демалыс алғанда, сабақтан сұранғанда (Қазақстан қалаларын көру үшін)* сияқты жағдайларда жазылады деп түсіндіріген абзал. Себебі осы жағдайлардың бәрі Қазақстанға келген шетелдік студенттің басынан өтеді. Осындай жағдайларда шетелдік студенттердің жұмыстарымен айналысатын бөлімнің бастығына рұқсат сұрау кезінде жазылатынын айту қажет.

Іс қағаздар тілінде басқа стилдерге карағанда сандық мәліметтер көп кездеседі. Басқа стилдерден айырмашылығы іс қағаздарында сан есім сан күйінде жазылады, өйтседе ақша мәселесі жазылған құжаттар мен сенімхат сияқты құжаттарда сан есімдер санмен жазылса да, жақша ішінде сөзбен жазылады. Мысалы, кейбір шет елдерде құжаттарда жылдан басқа сан есімдер сөзбен жазылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымына ғылыми зерттеу жүргізуге, оқуға және жұмыс істеуге келген шетел азаматтарына арналған *сауалнама құжатын* алайық, құжатта «Туған-туыстары туралы мәліметтер» деген бөлігінде, отбасы мүшелерінің *аты-жөні, туған жылы, жұмыс және оқу орны, қызметі, тұрақты мекенжайы* жазылатын бағандарды толтыру керек. Шетелдік студентке барлық жерде туған жыл туралы мәліметті жазғанда алдымен туған күні, одан кейін айы, соңында жылы бәрі санмен жазылады деп нақтылай отырып түсіндірген дұрыс. Сонымен бірге сандардың жоғарыда айтып өткендей сөзбен жазылатын кездері болатынын мысалдар арқылы келтірсе артық болмайды. Сонымен, тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда айтылған іс қағаздарын үйрету барысында, шетелдік студенттер қазақ тіліндегі іс қағаздар тілінің мынадай тиімді жақтарын байқайды: 1) іс қағаздарындағы стандарттық формалар құжат толтырушының уақытын үнемдейді; 2) орынды қабылданған лексикалық қор қате мен қосымша толықтыруларға жол бермейді; 3) нақты формалардың арқасында құжатты оқитын адамның да жұмысы жеңілдетіледі; 4) ең бастысы құжаттың заңдық күші болады. Себебі кез-келген құжаттың стандарттық формасы ол қажетті элементтер қатарынан тұрады, яғни «деректемелерден» (мекенжай, тақырып, мәтін, күні, қолы және т.б.) осылардың біреуін жазылмай кетсе құжат өз күшін жоғалтады. Негізінен қағаз бетіне түскен құжат мәтіні маңызды, себебі мәтіннің мазмұны арқылы құжат жазуға себеп болған жағдай да анықталады.

Іс қағаздарын оқытудың тәрбиелік мәні бар, іс қағаздарымен жұмыс істеуде ұқыптылық, жұмысты ұйымдастырушылық сияқты қабілеттер қалыптасады, сөзді нақты қолдануға деген жауапкершілік сезімі оянады.

Қорыта айтқанда, тіл – халқымыздың айнасы, қалай қарасан солай көрсетеді. Жер шары мемлекеттеріне өзімізді қазақ тілінде танытып, мәдениетімізді қазақ тілінде көрсеткенде ғана оркениеттің шарықтау шегіне жетеміз. Тамырымыз бен жемісіміз қазақша сайрап тұрса нұр үстіне нұр жауар еді.

Резюме

В статье рассматриваются отдельные вопросы практического обучения деловому казахскому языку студентов-иностранцев. При изучении деловому казахскому языку иностранные студенты должны усвоить, что для деловых документов выработан особый стиль речи, именуемый официально-деловым стилем. Отбор лексики и грамматических форм определяют требования современного делового стиля.

АБИШЕВА РЫСКЕН РАХЫМҚЫЗЫ

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жоғары оқу орнына
дейінгі дайындық кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ЕЛІН ТІЛІМІЗ АРҚЫЛЫ ТАНЫТАЙЫҚ!

Қазақстан жері достық кең пейілімен Ауғанстан жастарын құшағына сыйғызып, білім нәрімен сусындатып жатқанына үшінші жылдың жүзі болды. Тәуелсіздіктің тұғыры тілмен бекем екенін тілге тиек ете отырып, Қазақстанды мекен етіп, оқып, білім алып жатқан өзге ұлт өкілдерінің басын біріктіретін де басты факторлардың бірі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді үйрету үшін білім мен ғылым саласында оқытушы-ұстаздар аянбай еңбек етуле. Сол аталмыш ұлт өкілдерінің біразы эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің дайындық бөлімінде оқып жатыр.

Тіл – қарым-қатынас құралы. Құралдың өткір болмағы, әрине шыңдалуынан. Тілді үйретуші ұстаздарымыз Ауғанстан жастары елімізге ат басын тіреген күннен бастап, үлкен жауапкершілікті сезініп, ұлттық тілімізді өзге ұлт өкіліне үйретуде, алғашқы қадамдарын сауаттандыру жолында ерінбей еңбектеніп, тер төгіп келеді.

Ұстаздық етудің екі жағы бар. Ол – ұстаздық еңбектің қиыны мен қызығы. Қиыны – тілді үйрету, қызығы – еңбектің нәтижесін көріп қуану. Тілді үйрету әрбір ұстазға үлкен жауапкершілік жүктейді, себебі, тілі түгіл, болмысы басқа баланың жүрегіне жол тауып, қарым-қатынас жасау, тілдесу, уақыт өте келе көңілдеріндегі күдіктерін сейілтп, ұлтымызды ұлықтап, ұлттық тіліміздің қыр-сырымен қызықтырып, үйренуге құлшындыру – табандылық пен шыдамдылықты, кәсіби шеберлікті, парасаттылықты талап етеді. Білім беру өз алдына, білімнің тәрбиелік мәнін де ұмытпауымыз керек. Бөтен болмыс, өзге тілді баламен бірден тіл табысып, тілдесіп кету оңай шаруа емес. Сөйлеуге жетелеу, терең біліктілік пен іскерлікті, тәжірибелілікті қажет етеді. Дайындық кафедрасының ұстаздар қауымы әр мерекенің мерейін тасытатын кең көлемде іс-шараларды өз ретімен өткізуде. Әрбір өтіліп жатқан тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, салтанатты кештердің барлығына Ауған жастары жұмылдырылып, белсене атсалысуына ұстаздар үлесі ұшан-теңіз. Дәстүрлі жарыстар, жиындар, кездесулер жиі-жиі өтілуде. Олар осы іс-шараларда ұлттық тіліміз арқылы қазақ халқын танып біледі. Кейбіреулері жүлдесі орындарды иеленіп жатады. Еңбектің жемісін, қиындықтың жеңісін қору – үлкен мәртебе. Ұстаздық еңбектің қызығы – нәтижесін көріп қуану деген осы.

Әрбір тіл үйретуші ұстаздың міндеті – тындау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру арқылы қазақ тілін меңгерту. Қарым-қатынас ауызша сөйлесуден